

010000, Астана қ., Д. Қонаев к., 39

Қ.Р. Жоғарғы сотының торағасы
Қайрат Әбдіразақұлы Мәмиге.

Атырау облыстық сотының торағасы
Марғұлан Жұбанышұлы Бектұрғановқа.

Атырау қаласының мамандандырылған
әкімшілік сотының төрағасы
Жаксылық Жасулан Берікұлына

Тусупкалиева Индира Манафовадан
ЖСН:880818400608, тұрағы: Атырау
қаласы, Дальний проезд, 16-1
жұмыс орны: «Атырау облысы мәдениет
мұрағаттар және құжаттама басқармасының
Дина Нұрпейсава атындағы академиялық
Қазақ аспаптар оркестрі» КМКК, әнші.

Алғыс хат.


21.11.2017 жылы (№2312-17-00-3/7786) Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы С.А. Кенжалиева жазбаша адвокаттық сұраныстағы қажетті құжаттарды заңнамада белгіленген мерзімде ұсынбауына байланысты мен жұмыс жасап жаптырған мекеме басшысы лауазымды тұлғаға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексінің 668- бабында көзделген әкімшілік құқық бұзышылық жасағаны бойынша кінәлі деп танылып, осы бап бойынша оған 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 45 380 теңге әкімшілік айыппұл салу түрінде әкімшілік жаза қолданылды.

Осындай әділетті шешім шығарған судья С.А. Кенжалиева ханымға жанұямызбен дән ризамыз.

Мен жұмыс жасап жатырған мекеме басшысы сотқа жүгіну үшін тиісті құжаттарды маған да адвокатыма да бермей өзіне ұстап отыру тәсілімен менің Конституциялық құқыма нұсқан келтіріп, нәтижесінде өз Конституциялық құқымын қалпына келтіре алмай жағұяммен қанша күн қанша түн ұйқысыз уайым қайғымен өткіздім.

Осы мекемеде әнші болып жұмыс жасағандықтан жұмыс барысында өлең айтқан кезде де басшының үнемі артыма түсіп, жазықсыз қинауының салдарынан сақынада да қиналып жүрдім.

Осы сот шешімі жарияланған күннен бастап, әділ заңға деген менің өшуге қалған үміт отым лаулап жанып, Атырау облыстық сот қауымдастығына сенімім бұрынғыдан да қарқынды түрде арта түсті.



Қазақта: «Заң ханға да қараға да ортақ» деген қанатты сөзі міне осыдан алынған ғой деп ойлаймын неге десеңіз, судья С.А. Кенжалиева ханым сонау замандағы билер бастаған атадан қалған сара жолды аманат ретінде жалғастырып, қазіргі тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев бастап құрған құқтық мемлекетіміздің негізгі принципі заң әділдігін қарқынды да өміршеңді жүзеге асырып отырғанына ана ретінде отбасымызбен, сәбилерімізбен бірге сенімім мол.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Қ.Мәмидің 07.03.2017 ж. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арнаған құттықтау сөзіндегі «Республикамыздың сот жүйесінде де әйелдер айрықша орынға ие. Олар сот органдарында қызмет атқаратын барлық қызметкерлердің жартысынан астамын құрайды. Бұл, көбінесе, әйелдер табиғатының шиеленістерді шешуге бейімділігімен, айрықша шыдамдылығымен, аса байыпты әрі салиқалы шешім қабылдауымен байланысты болса керек», - деген сөзінің өзінен де бір қазіргі құқтық мемлекетімізде соттағы жұмыс жасап жатырған әйел адамдарға деген сенімділік өз үндестігін тауып отыр емес пе?

Олай болса, мен жанұямның, кішкентай сәбилерімнің атынан атынан Қ.Р. Жоғарғы сотының төрағасы Қайрат Әбдіразақұлы Мәмиге Қазақстандағы соттар қауымдастығын қарқында да айбарлы басқаруына қосқан үлесі үшін алғысымызды айтып, оның жанұясына, от басы ошақ қасына бақытты өмір, талмас қайсарлық тілеймін.

Сонымен қатар, Атырау облыстық сотының төрағасы Марғұлан Жұбанышұлы Бектұрғановқа Атырау облыстық сотының ұжымын қазіргі құқтық мемлекетіміздің талаптарына сай Атырау облысының тұрғындарының Конституциялық құқтарын қалпына келтіудегі жасап жатырған еңбегі үшін үлкен алғысымызды айтып, жанұясының амандығын тілеймін.

Атырау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотының төрағасы Жаксылық Жасулан Берікұлы мен судья С.А. Кенжалиеваға Атырау қаласының тұрғындары атынан, жанұямның атынан рақыметімізді айтып, қазіргі құқтық мемлекетімізге сай адал да таза еңбектеріне табыс тілеп, жанұяларының амандығын тілеймін.

Алғыс хат иесі:



Тусупкалиева Индира Манафовна.